

Г.У. Ахметалиева

САБАҚТА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Көптеген ғалымдар мен әдіскер-мұғалімдер өз зерттеулері мен тәжірибелерінің нәтижесінде оқу үдерісін жандандырудың бір жолы – сабақта техникалық оқу құралдарын пайдалану деген қорытындыға келгені белгілі. Техникалық оқу құралдарын қолданудың төмендегідей пайдасы бар, олар:

- оқылып жатқан материалдарға қызығушылықты арттырады;
- студенттердің өз бетінше жұмыс істеуіне ықпал етеді;
- олардың танымдық белсенділігін арттырады;
- білім берудегі бір жақтылықты жояды;
- сабақ құрылысын түрлендіруде мүмкіндік береді;
- оқу үдерісіне әрбір студенттің белсене қатысуын қамтамасыз етеді;
- сабақ барысында дәрісханада жаңашылдық атмосфераны орнатады;
- студентке түсініксіз болған жерді қайталап тыңдатқанда немесе қайталап көрсеткенде;
- оқытушының сабақтағы уақытын үнемдеуге көп пайдасын тигізеді.

Техникалық оқу құралдарының осындай құнды қасиеттерін біле отырып, оқытушылар сабақтарында студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында бейнежазбалар, магнитофон, ноутбук, проэкторларды тиімді қолдануда.

Магнитофонның қолданылу аясы өте кең. Әсіресе, шет елден (Тәжікстан, Қытайдан) келген студенттермен сабақ өткен мезгілде көп көмегін тигізеді. Оны жаңа лексикалық және грамматикалық материалдарды бекіту кезінде, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар орындаған кезде, өткенді қайталау жұмыстарын жүргізгенде пайдалануға болады. Магнитофонды әсіресе тіл дамыту сабақтарында қолданған тиімді. Орыс дәрісханаларында екінші тілдің дыбысталу нормасын дұрыс меңгермейінше, сол тілде ауызша сөйлеу мүмкін емес. Сондықтан ерекше дыбыстар мен сөздердің дұрыс айтылуын меңгертуді, сөйлемдегі сөзге дұрыс екпін қойып, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда магнитофонның көмегін іске асыруға болады. Ол үшін ұнтаспаға алдын ала оқытушының өзі немесе маман диктор анық, мәнерлеп оқыған ерекше дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем немесе шағын мәтін жазылып алынады. Ерекше дыбыстарды тыңдатқанда, онымен бір

мезгілде бір дыбысты тактаға немесе үлкендеу кима қағазға көрнекі етіп жазып көрсету керек.

Студенттердің барлығының тіл үйрену қабілеті бірдей емес. Осыны ескере отырып, ерекше дыбыстар мен сөздердің дұрыс айтылуын дәрісханада меңгере алмаған студентке бұл ұнтаспаны дәрісханадан тыс өзіндік жұмыс жасау үшін беруге болады. Сонда студентке ұнтаспаны бірнеше рет тыңдап, дыбыстар мен сөздерді өзі дауыстап қайталап, жаттығуына мүмкіндік береміз. Студент өз дауысын басқа ұнтаспаға жазып, екі ұнтаспадағы дыбысталу салыстырып көруіне де болады. Мұндай жұмыстың нәтижесінде студент ешкімнен қысылмай, еркін жаттыққанының арқасында сабаққа ынтасы артады, өз еңбегіне сын көзбен қарауды үйренеді және дұрыс сөйлеуді жақсы меңгереді.

Магнитофонмен жұмыс істеудің тағы бір артықшылығы – оқытушының еңбегін көп жеңілдетеді. Бір ғана мысал келтірейік. Тіл үйрету үдерісінде бір дыбысты, сөзді немесе сөйлемді бірнеше рет қайталауға тура келеді. Біріншіден, бұл көп уақытты алады, қанша тырысқанмен, ең алғашқысынан интонациясымен болса да өзгешеленеді. Осындай да дыбысты дәлме-дәл қайталау үшін магнитофонның көмегі көп.

Сондай-ақ магнитофонды диалогтар, мәтіндер тыңдауға, мәнерлеп оқылған өлеңдер жаттауға, нақышына келтіре орындалған әндер мен күйлер тыңдауға болады. Сонымен магнитофонды сабақта пайдалана отырып біз мынандай нәтижелерге жетеміз:

- а) Студенттің сабақта белсенділігі артады;
- ә) Оқытушы басқа жұмыс түрлеріне уақытын, күш-қуатын үнемдейді;
- б) Студент өзіндік жұмысты ұйымдастыруды үйренеді;
- в) Студент өз қатесіне талдау жасап, материалды (дұрыс дыбыстауды, сөйлеуді) толық меңгеруге тырысады.

Бүгінгі таңда қазақ тілін іс жүзінде мәдени, ғылыми, қоғамдық-саяси мақсатта пайдалану қажеттігі туып отыр. Сондықтан да қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – ауызекі сөйлескенде мүдірмейтін, тілімізде сауатты оқи және жаза алатын, дүниетанымымызды және салт-дәстүрімізді сыйлап, құрметтейтін маман дайындау. Өзге ұлт өкілдері біздің әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді көріп, жақсы жақтарынан сана-

сезімдерімен түсінгенде ғана сыйлап құрметтейді. Сондықтан студенттерімізді ұлттық қазынамызбен мәтін арқылы ғана таныстыру аз, реті келгенше визуалды техникалық құрал арқылы көрсету керек.

Арнайы техникалық оқу құралдармен қатар тұрмыстық техникаға да сүйенеміз. «Наурыз», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Қазақтың салт-дәстүрлері» атты қосымша тақырыптармен танысқанда бейнежазбаларды қолданған ұтымды. Бейнежазбаны пайдалану арқылы студенттің дүниетанымын кеңейтіп, сабаққа деген ынтасын арттыруға болады және сабақтың қызықты өтуіне де көп көмегін тигізеді.

Бейнежазбаны оқу үдерісіне кіргізу мақсатына қарай қолдану керек. Мысалы, бейнежазбаның міндеті тақырыпты ашуға қосымша компонент болу, мәтінде оқылған мәліметтерді көрсету, студенттің ойына қозғау салу болса, онда оны мәтін оқылып болғаннан кейін қолдану керек. Сонымен қатар, бейнематериалды мәтінді оқымас бұрын, сабақтың басында көрсетуге болады, бұл жағдайда оқытушы студенттің назарын осы бейнематериалға аударып, оны мұқият көрулерін сұрайды. Бейнежазбаны көріп болған соң, бірекі студенттен оның мазмұны сұралады, сөздік жұмыс жүргізіледі. Оқытушы студент түсінбеген нәрселерге жауап беріп, түсіндіріп отыруға дайын болып отыруы тиіс.

Кинофильмдерді көрсету арқылы да студенттердің сабаққа деген қызығушылығын оятуға болады. «Қыз Жібек» фильмі арқылы кең байтақ Қазақстанның тамаша табиғатымен, бірнеше салт-дәстүрлермен танысады. Ал «Біржан сал» фильмі арқылы сол кездегі сал-серілердің өмірімен танысып, тарихымызға шегініс жасағандай болады.

Кинофильмдерді көрсетуге орын беру алдында, оның мақсаты мен пайдалану әдісін біліп алған жөн. Сонымен қатар, кейбір психологиялық, педагогикалық жобаларды да ескерген жөн. Егер фильмді сабақтың басында пайдаланса, ұйымдастыру бөліміне аз уақыт жұмсалады, студенттердің белсенді танымдылық әрекеті арта түседі. Кинофильмді сабақтың ортасында пайдаланса, студенттің ерекше зейінін сақтау мүмкіндігі туып, оқу үдерісінің логикалық жүруі артады, басқа оқу құралдарымен қоса пайдалану әрекеті туады. Кинофильмді сабақтың соңында пайдалану оның оқыған материалдарын қорытындылауға септігін тигізеді, студенттердің зейіні сабақ соңында арта түседі.

Айта кететін жайт, оқытушының өзі техникалық құралды не үшін, не мақсатпен қол-

данғалы тұрғанын айқын білуі керек. Сондай-ақ белгілі бір құралды пайдаланар алдында студенттерді дайындап, дәрісханада шығармашылық атмосфера орнату қажет. Олай болмаған жағдайда техникалық құрал тиімділігінен айырылады немесе сабақтың берекесін кетіреді. Сол сияқты қолда бар техникалық құралдарды тиімді пайдаланудың басқа да жолдарын іздестіруге болады. Ол әр оқытушының іздемпаздығына, еңбекқорлығына, өз пәніне деген ынта-ықыласына байланысты.

Білім беру құрылымын жетілдіру, жалпы білім, еңбек пен кәсіптік даярлық саласын едәуір арттыру, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін, техникалық құралдарды кеңінен қолдану бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Соңғы жылдары психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне шолу жасағанда техникалық құралдар көмегімен өткізілетін сабақта студенттер жалықпайтындығы, жаңа оқу материалдарын қабылдау кезінде олардың әртүрлі сезім мүшелері (көру, есту т.б.) барынша толық қатысатындығын, соның нәтижесінде студенттердің оқуға қызығушылығы артып, түсіндірілген материалдарды олардың берік қабылдауына мүмкіндік туғызатындығы дәлелденді.

Білім берудің жаңа түрін жасау мен ескі түрін жетілдіру техникалық құралдарды тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Техникалық құралдарды тиімді пайдалану төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

а) оқытудың көрнекілігін күшейтеді, әдеттегі оқу әдістерін қолданғанда студент мүлде немесе шала ұғатын материалдарды жете түсіндіреді;

ә) оқу кезінде өтілетін материалдар жайынан студенттерге толық және дәл хабарлар беріп, оқытудың сапасын арттырып отырады;

б) студенттердің білуге құмарлығы мен тілегін толық қанағаттандырады;

г) өзінің шығармашылық ісіне көбірек уақыт бөлу үшін оқытушының қолын толып жатқан басқа жұмыстардан босатады.

Дегенмен, техникалық оқу құралдары еш уақытта оқытушының ролін атқара алмайды. Ол тек оқытушыға көмекші құрал ғана бола алады. Бірақ оқу-тәрбие жұмысының табысты өтуі оның материалдық-техникалық базасына тығыз байланысты деп айтуға болады.

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1991.

2. «Практикалық қазақ тілі» курсының бағдарламасы және әдістемелік нұсқаулары. – Алматы, 1999.